

Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 1044 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті мынадай мазмұндағы 36-1-тармақпен толықтырылсын:

"36-1. Мемлекеттік органдарға жаңа функциялар беруді, сондай-ақ оларды өзгертуді , толықтыруды және алып тастауды көздейтін жобалар "Мемлекеттік жоспарлау (бюджеттік жоспарлау)" ақпараттық жүйесінде Мемлекеттік органдар функцияларының тізілімін қолдана отырып, талдау жүргізілгеннен кейін әзірленеді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов